

Павлодар қаласы №2 жалпы орта білім беру мектебі

№3/1

(басылым 2016 жылдың 24 қазанынан бастап шығады)

\*\*\*\*\*

# КӨЗАЙЫМ

\*\*\*\*\*

БҮГІН, БҮГІН, БҮГІН, СЕҢІҢ ТУҒАН КҮНІҢ..!



\*\*\*\*\*



\*\*\*\*\*

### ҚҰРМЕТТІ НАДЕЖДА БӘКІБАЙҚЫЗЫ!



Бүгінде адам өмірінің асқар биігі – 58 шыңына шығып отырған Сізді Павлодар облысының білім саласына еңбегі сіңген мемлекеттік қызметкер, Қазақстанның жарқын болашағына зор үлес қосқан белсенді әрі зиялы қауым өкілі ретінде танимыз.

Сіз қиындығы мен қуанышы қатар жүретін мемлекетіміздің әлеуметтік

маңызды саласын алға жетелеуде өзіңіз басқарып отырған №2 жалпы орта білім беру мектебінің ұжымымен бірге аянбай тер төгіп келесіз. Сіз осы бағытта өзіңізді білімді, еңбексүйгіш, жауапкершілігі мол ұстаз әрі талапшыл, дарынды басшы ретінде көрсетіп, зор беделге ие болдыңыз.

Әріптестеріңіз бен шәкірттеріңіз Сізді көпжылдық парасатты еңбегіңіз үшін ғана емес, адамгершілік ұстанымдарыңыз бен қадір-қасиеттеріңіз үшін де құрмет тұтады.

Бүгін Сізді туған күніңізбен құттықтай отырып, ел игілігіне бағытталған қарымды қызметте қанатыңыз талмасын, қажыр-қайратыңыз сарқылмасын дегіміз келеді. Және әрдайым елімізге елеулі, халқымызға қалаулы болыңыз. Алдағы алар асуларыңыз бен бағындырар биіктеріңіз көп болсын!

Сондай-ақ, отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, баянды бақ тілейміз!

**Ізгі ниетпен: Павлодар қалалық білім беру мекемесінің әдістемелік кабинет.**

\*\*\*\*\*

### НАДЕЖДА БӘКІБАЙҚЫЗЫ!



**Туған күніңізбен құттықтаймын!**

Құтты болсын, қуанышты күніңіз,  
Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз.  
Елу сегіздің асқарына жеттіңіз,  
Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз.

Мереке күн. Нұрға толсын жүзіңіз,  
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз.  
Бала-шаға қызығына кенеліп,  
Ортамызда аман-есен жүріңіз!

**Шолпан ШАХАНҚЫЗЫ,  
әдіскер.**



\*\*\*\*\*

## ҚАДІРЛІ НАДЕЖДА БӘКІБАЙҚЫЗЫ!



Сізді туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Қадамыңызға – гүл, келбетіңізге – нұр, қиялыңызға қанат бітсін, жасыңызға жас қосылсын!

Шаңырағыңызға құт-береке, бейбіт күннің арайлы шуағын, отбасыңызға амандық, деніңізге саулық, ұзақ ғұмыр тілейміз. Армандарыңыз асқақ, шығар биігіңіз асқарлы болсын!

Құшағыңыз әрдайым гүлге толып, бақытты өмір сүріңіз!

**Мектеп әкімшілігі.**

\*\*\*\*\*

## ҚЫМБАТТЫ НАДЕЖДА БӘКІБАЙҚЫЗЫ!

**Туған күніңіз құтты болсын!**

Құтты болсын, қадірлі жан думаның,  
Тойлай берсін, ағайын мен туғаның.  
Қуанышқа шашу болып төгілсін,  
Өмір бойы қуанышқа жиғаның.

Бақытты күн дейікші, бүгін анық,  
Жақсы ұстазды өзіңнен көрдік танып.  
Әрбір ісің өсірсін мерейіңді,  
Ортамызда жұлдыз боп жүргін жанып.

Тілейміз бұл өмірде бақыт саған,  
Тілейміз талмас қанат, асқақ арман.  
Мәртебең биік болып әрқашан да,  
Көрейік өзінді әркез заңғарлардан!

\*\*\*\*\*



**Кәсіподақ ұйымы.**

## ҚАДІРЛІ ӘРІПТЕС!

**Сізді баршамыз бүгінгі туған күніңізбен құттықтаймыз!**

Жылдың әр күні барлық істеріңіз бен бастамаларыңызға ақ жол ашып, мол табыстар ала келсін, жетістіктерге толы болсын!

Сізге зор денсаулық, қуаныш пен шаттыққа толы ұзақ ғұмыр, жанұяңызға бақ-береке, ашық аспан, шуақты күндер тілейміз.

Бүгінгі күн – бөлектеу күн маңызды, Маңыздысы – бүгін туған жан ізгі.

Төбеңізден бақыт өзі шашу ғып,  
Аппақ нұрын шашып тұрған тәрізді.  
Тағы айтайын, мерекең құтты болсын!  
Ортамызда әрқашан шаттық толсын!  
Дос-жарандар жаныңда, қолдайтұғын,  
Ақ тілектер айтылған қабыл болсын!

**Гүлжан АШИТОВА,  
№2 мектебінің мұғалімі.**



\*\*\*\*\*

## ҚҰТТЫ БОЛСЫН, ТУҒАН КҮН!

(Арнау)



Әрлі болсын, мерейтой жанға жағар,  
Дос-жарандар жайрандап, жымың қағар.  
Туған күннің кешінде ортаға алып,  
Шарықтата ән шырқап, думандатар  
Жас күндерін еске алып, ойға қалар.  
Той болса, той болсын, ел мақтаған,  
Қазақ бар ма тойында мал шашпаған.  
Ұстаз, бүгін ортада тек өзіңсің,  
Ақ аспанда ән болып шарықтаған.  
Домаласын демекпін, өрге тасың,  
Жұрт сыйлауға лайықты алтын басың.  
Қосағыңмен 100-ге жет, аман-сау бол,

Құтты болсын, бүгінгі мерей жасың!  
Дастарханың жайылған неткен байтақ,  
Ақ тілекті қабыл ал, майдай шайқап.  
Тойға келген ағайын айтып жүрсін  
Ізгілік пен пейілдің сырын байқап,  
Қуаныштың күні бұл кеткен жайнап.  
Той болса, той болсын, ел мақтаған,  
Қазақ бар ма тойында мал шашпаған.  
Ұстаз бүгін ортада, тек өзіңсің,  
Ақ аспанда ән болып шарықтаған.  
Домаласын демекпін, өрге тасың,  
Жұрт сыйлауға лайықты алтын басың.  
Қосағыңмен 100-ге жет, аман-сау бол,  
Құтты болсын, бүгінгі мерей жасың!  
Ардақты жан бүгінде бақыттысың,  
Жадыраған жүзің нұр, жақұтпысың?  
Тойың тойға ұлассын, ынтымақ боп,  
Алақаннан ұшпасын бақыт құсың  
Әлиядай ер мінез ақықпысың?

Айгүл МОЛДАШ.

\*\*\*\*\*

## ҚҰРМЕТТІ НАДЕЖДА БӘКІБАЙҚЫЗЫ!

Сізді туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Білімнің күші қашанда құдіретті.  
Білім бар жерде ғылым қатар жүреді.  
Білім мен ғылым бір мақсат аясында  
тоғысқан даму мен мәдени өркениеттің  
кепілі, теңдесі жоқ егіз тағылым. Ұстаз -  
келер күннің ұстасы, жас ұрпақты  
білімге, мәдениет пен әдебиетке  
жетелейтін бірден-бір еңбекқор, беделді  
тұлға. Мемлекет идеологиясы, қоғамның  
дәстүрі мен құндылықтары, адамзаттың  
асыл қасиеттері, ғылым мен өнер  
мұралары өзіңіздей білікті ұстаздар  
арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жол тартып,  
халыққа қызмет етуде. Еліміздің ертеңгі  
болмысы – ұстаздың бүгінгі тәлімінде.  
Сіз тәжірибелі ұстаз әрі дарынды басшы  
ретінде өңіріміздегі білім беру саласына  
ұзақ жылдар бойы адал қызмет еттіңіз.

Ондаған-жүзден жас жеткіншектің  
өмірден өз орнын табуына тәлімгер  
ретінде ықпал етіп, үлесіңізді костыңыз,  
олардың мақтанышына айналдыңыз.



Сізді осы қуанышты күнмен құттықтай отырып, деніңізге саулық, қызметіңізге табыс және өзіңіз басқарып отырған ұжыммен бірге әрқашан қалың жұртшылықтың тек алғысына бөлене беруіңізге тілектеспіз!

«КӨЗАЙЫМ» мектеп газеті.



\*\*\*\*\*

\*\*\*\*\*

## ШЫНАЙЫ БАҚЫТТЫҢ ҚҰПИЯСЫ – ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕКТЕ

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегендей, білім беру саласында отыз жылдан астам уақыт қызметін жалғастырып келе жатқан білікті ұстаз, іскер басшы Надежда Бәкібайқызы Асылбекованың мерейлі туған күні қарсаңында ол туралы бірер сөзге кезек беруді жөн көрдік.



Мектеп – жүздеген, мыңдаған жеткіншектердің алдағы өміріне бағыт сілтеп, болашағына жолдама беретін білім ордасы, тіпті шәкірттер тәрбиелеп шығаратын ұлы шеберхана десе де болғандай. Ал, сол құтты ұяның тірегі де, жүрегі де – ұстаз екені әмбеге аян. Олардың үздіксіз, қажырлы еңбегін бір ғана сөзбен айтып жеткізу, мүмкін емес!

«Надежда» сөзі – «үміт, үміт арту» деген мағынаны білдіреді. Алайда, Надежда Бәкібайқызы ата-анасының үмітін ғана емес, мемлекеттік атқарушы жүйенің де сенімін жауапкершілікпен қатар ақтаған еңбекқор лауазым иесі. Бүгін зейнеткерлік жасқа аяқ басқан ұлағатты ұстазды өз ұжымы туған күнімен құттықтап, ізгі тілектерін жарыса білдіруде.

Надежда Асылбекова 1959 жылы Алтай өлкесіндегі Благовещенка кентінде дүниеге келген. Әкесі – Бәкібай Сетейұлы астық қоймасында меңгеруші, анасы – Қорлиха Сатыбалдықызы – тігіншілікті кәсіп еткен қарапайым жандар болған. Отбасында жеті ағайынды - алты қыз бен бір ер бала тайқұлындай тебісіп қатар өсіп, ер жетеді.

«Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан болуды» қалаған отбасы ақыры өз еліне, Қазақстанына оралады. Надежда Бәкібайқызы 1976-1981 жылдары Павлодар мемлекеттік институтын тәмамдап, еңбекке араласады. Ол өзінің алғырлығы мен білімділігінің арқасында биік жетістіктерді бағындырады.

Еңбек жолын қаламыздағы №18 балабақшада тәрбиеші болып бастап, кейіннен №3 облыстық мектеп-интернатында орыс тілі мен әдебиет пәндерінің мұғалімі, психолог, мектеп директорының инновациялық жұмыс жөніндегі орынбасары, ұстаздардың облыстық білімін жетілдіру институты және қалалық білім беру бөліміндегі жаңадан сеніп тапсырылған міндеттерді үлкен жауапкершілікпен атқарады. Лауазым иесі алғашқы күннен бастап, басқарып отырған білім беру мекемесіндегі ұстаздар ұжымының ынтымағын жарастырып, жұмысты барынша жандандыра түседі. Кәсіби дағдысы мен іскерлік қабілеті оның екінші тынысын ашады. Содан бері алдынан жүздеген, мыңдаған шәкірттер білім нәрімен сусындап, талай жас ұстаздардың тәлімгері атанады.



Беделді, жауапты қызметтерге қол

жеткізеді. 2004 жылдың күзінде Павлодар қаласының №2 жалпы орта білім беру мектебіне басшы болып тағайындалды. Надежда Асылбекова іскер басшы ғана емес, аяулы жар, ардақты ана, байыпты әже, мол адамгершілік иесі.

Өмір - сезімнің мен күш-жігерінді, ақылның мен төзімінді аяусыз сынға алатын сан қилы сынақтардан тұрады. Және ол өз ережесіне бағындырмай қоймасы да анық. Бірақ, жаны нәзік болғанмен, қайратты ана бастан кешкен бар ауыртпалықты артқа тастап, тек алға қарай ұмтылуға тырысады. Ол мейірімді жүрегі мен бірбеткей, қайсар мінезінің өзін әлдеқашан таңдап алған тура жолынан тайдырмайтынына бек сенеді.



Бүгінде мектеп директоры Надежда Бәкібайқызы біліктілігі мен тәжірибесін өзгелерге үлгі еткен іскер басшылардың бірі, қадірлі жан. Осынау ширек ғасырдан астам мерзімде білім беру саласында абыроймен атқарған еселі еңбегі еленіп, бірқатар марапаттарға да ие болды. Солардың бірі - «Павлодар облысына 75 жыл» мерейтойлық төсбелгісі.

Надежда Бәкібайқызының бүгінгі 58 мерейлі жасына зор денсаулық, мол бақыт, еңбекте табыс және Жер бетіндегі



барлық жақсылықтар мен ізгілікті тілегіміз келеді.



Айгүл МОЛДАШ.

\*\*\*\*\*



\*\*\*\*\*

Мектеп газеті айына бір рет шығады. Бағасы 50 теңге.  
Редакторы: Айгүл МОЛДАШ және «ЖАС ҚАЛАМГЕРЛЕР» алқасы.